

ТАБИҒИ СҰРЫПТАЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ




Табиғи сұрыпталу дегеніміз-өзінен соң ұрпақ қалдыра алатын, белгілі бір орта жағдайына жақсы бейімделген даралардың тірі қалуы.

- Тіршілік пайда болғаннан бері үздіксіз жүреді;
- Көзге көрінбейді, жүруі білінбейді;
- Сұрыпталу кезінде организмге пайдалысы қалып, зияндысы жойылады;
- Табиғи сұрыпталуға адамның ешқандай қатысы жоқ;
- Ортаға жақсы бейімделгендері қалады, бейімделе алмағандары тіршілігін жояды;
- Қоршаған орта мен популяцияда тепе - теңдік сақталады;
- Жаңа түрлер пайда болады

Дарвиннің табиғи сұрыпталу туралы ілімі.

*Тіршілігін
сақтап қалу
үшін
табиғатта
ұдайы (үздіксіз)
тіршілік үшін
күрес жүреді*



Тіршілік үшін күрес.

Тіршілік үшін күрес – қоршаған орта мен организм арасындағы күрделі қарым-қатынастың жиынтығы. Тіршілік үшін күрес дегеніміз-бір түр ішіндегі, бір түр мен екінші түр арасындағы және түрлер мен қоршаған орта арасындағы ұрпақтарының өсімталдылығын қамтамасыз ететін даралардың қарым-қатынасының күрделі жиынтығы.

Дарвин тіршілік үшін күрестің негізгі 3 формасын атады:

Тіршілік үшін күрес

Тұраралық

Түрішілік

Қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларымен күрес



Тұраралық күрес.

Әртүрлі түрге жататын даралар арасында жүреді. Мысалы: түлкілердің қояндарға шабуылы (жыртқыштық), қасқыр мен түлкі жемтігі үшін таласады (конкуренция-бәсекелестік), діңкұлақ пен ағаш (паразитизм).




Түрішілік күрес.

Бір түрге жататын даралар арасындағы күрес. Мысалы: екі ақ аюдың өз тамағы үшін күрес (конкуренция).



Табиғаттың қолайсыз жағдайларымен күрес.

Құрғақшылықпен, суықпен, нөсермен т.б. күрес.
Мысалы: көптеген өсімдіктер қары аз, аязды суықтарда қырылып қалады, сонымен қатар аяз кезінде топырақта тіршілік ететін көп ағзалар қырылады.



Табиғи сұрыпталу
формалары

Қозғаушы
сұрыпталу

Тұрақтандырушы
сұрыпталу